

Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 23 қаңтардағы № 7 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 3 наурызда № 4466 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 28 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 27.01.2016 № 28 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 1 қазандағы № 651 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы № 1567 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Жарлығының 2-тармағына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы қағидалары **б е к і т і л с і н .**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімі аппаратының **б а с ш ы с ы н а** жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Садуақасов

КЕЛІСІЛДІ

*Қостанай облысы әкімі аппаратының
б а с ш ы с ы
А. Әбенов*

Ә к і м д і к т і ң

2014 жылғы 23 қаңтардағы

№ 7 қаулысымен

бекітілген

Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасының қағидалары

1. Жалпы ережелері

1. Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасының қағидалары (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 1 қазандағы № 651 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы № 1567 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Жарлығына сәйкес әзірленген.

2. Қағиданың іс-әрекеті Қостанай облысының облыстық бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне (бұдан әрі- мемлекеттік қызметшілер) таратылады.

Мемлекеттік қызметші мемлекеттік қызметке кіргеннен кейін үш күн ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы № 1567 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексімен (бұдан әрі – Ар-намыс кодексі) және Қағидамен жазбаша түрде таныстырылуы тиіс.

2. Мемлекеттік қызметші мінез-құлқының қағидаттары

3. Мемлекеттік қызметші:

1) қызметтік міндеттерін Конституцияға, заңдарға, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, жалпы қабылданған моральдық және ар-ұжданлық қағидаттарға сәйкес жауапты және адал атқарады, Ар-намыс кодексі мен Қағиданың нормаларын бұлжытпай сақтайды;

2) мемлекеттік биліктің беделін, мемлекет институттарына азаматтардың сенімін нығайтуға ықпал етеді, Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарын сақтайды, мемлекеттің мүддесін қорғайды;

3) өзіне талап қойғыш, принципті, объективті, сондай-ақ кез келген сыбайлас жемқорлыққа және басқа да құқыққа қарама-қайшы іс-әрекеттердің туындауына т ө з б е й д і ;

4) жоғары тұрған органдар мен лауазымды тұлғалардың, олардың өкілеттіктері шегінде, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың шеңберінде берілген тапсырмаларды уақытылы, сапалы орындайды;

5) басшылардың тапсырмаларын орындау барысында тек объективті де анық м ә л і м е т т е р б е р е д і ;

6) өндірістік еңбек үшін жұмыс уақытын тиімді пайдаланады және мемлекеттік қызметшінің денсаулығы мен қауіпсіздігіне қатер туғызатын кез келген жағдайды х а б а р л а й д ы ;

7) мемлекеттік қызметшілердің беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекетті

ж а с а м а й д ы ;

8) бағынысты қызметкерлерге қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, адамдық қадір-қасиетін кемсіту, жөнсіздік, орынсыз мінез-құлқы фактілеріне ж о л б е р м е й д і ;

9) мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтірмей пікірсайысты әдепті т ү р д е ж ү р г і з е д і ;

10) мемлекеттік қызметті алушыларға сапалы, уақытылы, тиімді қызмет көрсету ж ө н і н д е ш а р а л а р қ о л д а н а д ы ;

11) еңбек қатынастарын толығымен тоқтатқан кезде өзіне олардың көшірмелерін қалдырмай барлық құжаттамаларды, ақпараттарды береді;

12) өзінің қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде киімнің тек іскерлік қалпын ұ с т а н а д ы .

4. Мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметшілері мінез-құлқының негізгі стандарттарын ұстанады.